

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2012 жылғы 1 сәуірдегі ағымдағы жағдайы

2012 жылғы 1 сәуірде республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Наурыз айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 11 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2 772,3 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша – 2 738,6 млрд. теңге, консервативті инвестициялық портфель бойынша – 33,6 млрд. теңге) 8 239 531 (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша 8 007 296, консервативті инвестициялық портфель бойынша 232 235) болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны наурыз айында 82 360 (1,0%-ға) көбейді, жинақталған зейнетақы қаражаты да 37,3 млрд. теңгеге (1,4%-ға) ұлғайды.

2012 жылғы 1 сәуірде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: барлық қорлар салымшыларының жалпы санының «Қазақстан Халық Банкі» – 27,69%, «ГНПФ» – 22,79% және «Ұлар Үміт» – 18,61%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 сәуірде жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 098 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2012 жылғы наурызда 52 бірлікке (0,14%-ға) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 118,7 млн. теңгемен 4 103 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

2012 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 126.5 млрд. теңгеге (4,8%-ға) ұлғайып, 2012 жылғы 1 сәуірде 2 777.9 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсімі 2012 жылғы наурызда 37,9 млрд. теңгеге (1,8%-ға) ұлғайып, 2012 жылғы 1 сәуірде 2 117,6 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 597,0 млрд. теңге болды. 2012 жылғы наурызда «таза» инвестициялық кіріс 6,5 млрд. теңгеге (1,1%-ға) ұлғайды.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 1 сәуір аралығында жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге					
	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.04.12	1.01.12 салыстырғандағы өсім	1.01.12 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 651,4	2 777,9	126,5	4,8
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	2 003,7	2 117,6	113,9	5,7
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	555,1	597,0	41,9	7,5
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	20,9	21,5	-	0,6%- дық тармаққа

2012 жылғы 1 сәуірде ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 923,6 млрд. теңге (33,3%), «ГНПФ» – 517,5 млрд. теңге (18,6%), «ҰларҮміт» – 397,7 млрд. теңге (14,3%) және «Грантум» - 262,2 (9,4%) жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 75,6%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарының уақтылы аударылмағаны, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың уақтылы жүзеге асырылмағаны және зейнетақы активтерінің тиісінше басқарылмағаны үшін өсімпұл сомасы 2012 жылғы наурызда 513,6 млрд. теңгеге (4,2%-ға) ұлғайып, 2012 жылғы 1 сәуірде 12,7 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2529,7 млрд. теңге болды немесе 2012 жылғы наурызда 7,6 млрд. теңгеге (3,0%-ға) көбейген.

2012 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитеті шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 5,3 млрд. теңгеге 3 248 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитеті шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2012 жылғы 1 сәуірде 38,1 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның

сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару, 1 557,8 млрд. теңгені құрады

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2012 жылғы наурызда 35,9 млрд. теңгеге немесе 1,3%-ға өсіп, 2 780,9 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 сәуірден бастап 2012 жылғы 1 сәуір аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 36,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің таралуы

ЖЗҚ атауы	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ, "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ	924 458	33,2
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	518 460	18,7
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	397 826	14,3
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	262 794	9,5
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ ЕҰ	155 885	5,6
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	154 877	5,6
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	114 848	4,1
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	83 692	3
"Отан" ОЖЗҚ" АҚ	76 192	2,7
"РЕСПУБЛИКА ЖЗҚ" АҚ	70 160	2,5
"Индустриалды Қазақстан" ЖЗҚ" АҚ	21 704	0,8
Бүкіл ЖЗҚ бойынша барлығы	2 780 896	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2012 жылғы наурыз айында 28,7 млрд. теңгеге немесе 1,1%-ға артып, 2012 жылғы 1 сәуірде 2 719,7 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2012 жылғы 1 сәуірде инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 49,9%-ын құрады, ол 1 357,6 млрд. теңгеге сәйкес. 2012 жылғы наурызда ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 62,9 млрд. теңгені құрайды.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 26,5%-ын құрады, ол 722,4 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар көлемінің 2012 жылғы наурыз айында көбеюі ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 7,9 млрд. теңгені құрайды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.03.2012ж.		1.04.2012ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 294 708	48,1	1 357 593	49,9
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 130 438	42,0	1 174 301	43,2
Ұлттық Банктің ноттары	158 610	5,9	177 772	6,5
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5 660	0,2	5 520	0,2
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	155 527	5,8	147 646	5,4
акциялар	19 638	0,7	14 181	0,5
облигациялар	135 889	5,1	133 465	4,9
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	63 685	2,4	39 989	1,5
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	117 560	4,4	97 509	3,6
Тазартылған алтын	118 969	4,4	121 824	4,5
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	714 519	26,5	722 396	26,5
акциялар	145 670	5,4	150 870	5,5
облигациялар, оның ішінде:	568 849	21,1	571 526	21,0
шетел валютасында номинирленген	27 405	1,0	28 073	1,0
теңгеге номинирленген	541 444	20,1	543 453	20,0
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	226 790	8,4	233 460	8,6
Туынды бағалы қағаздар	-671	0,0	-677	0,0
Жиынтығы	2 691 087	100	2 719 740	100

Эмитенттер бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2012 жылғы 1 сәуірде зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,6%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 16,0 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенттері (К2) былай көрінеді:

	%		
	5 жылдық кезеңде	3 жылдық кезеңде	12 айда
Қалыпты инвестициялық портфель бойынша орташа алынған К2	27,77	19,41	2,57
Консервативті инвестициялық портфель бойынша орташа алынған К2	26,37	18,17	1,42
Инфляцияның жинақталған деңгейі	57,41	21,77	4,60

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық капиталы 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 90,2 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 51,0 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 56,5%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 100,0 млрд. теңге болды.

2012 жылғы қаңтар-наурыз айларында 4 қор («ҰларҮміт», «Атамекен», «Индустриалды Қазақстан» және «Отан») жалпы сомасы 3,6 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 7 қор жалпы сомасы 6,1 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 сәуірде 2,5 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 79,0 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 79,1% болды.

Қорлар меншікті активтері есебінен қаржы инвестицияларының негізгі үлесін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары инвестициялардың жалпы көлемінің 53,4%-ын құрады. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 18,5%,, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар инвестициялардың жалпы көлемінің 25,8%-ын құрады. ,

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.04.12
ЖІӨ млрд.теңге	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 815,5	27 300,6*	31 297 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,4	8,8	10,9	10,4	9,7	8,9
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,1	7,4	8,8	8,4	7,3	6,8
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,6	1,9	2,8	2,6	2,0	1,9
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,3	0,4	0,4	0,3	0,3

* - ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері